



«Бекітемін»  
«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ  
Солтүстік Қазақстан медицина  
жабдықтардың м.а.

А. Мукашев

2023 ж

## Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы Нұсқаулық

1. Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы Нұсқаулық ғимараттардың, құрылыштардың, технологиялық процестердің, технологиялық және өндірістік жабдықтардың өрт қауіптілігінің ерекшелігін негізге ала отырып, осы Ережелердің талаптары негізінде әзірленеді.

2. Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы Нұсқаулықта мынағай іс-шаралар көрсетіледі:

- 1) аумақтарды, ғимараттарды, құрылыштар мен бөлмелерді, оның ішінде эвакуациялық жолдарды күтіп-ұстау;
- 2) Жабдықты пайдалану және өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде технологиялық процестердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 3) жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті заттар мен материалдарды сақтау және тасымалдау;
- 4) Жұмыс аяқталғаннан кейін бөлмелерді тексеру және жабу;
- 5) темекі шегуге арналған орындардың орналасуы, ашық отты қолдану және от және өзге де өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу;
- 6) жанғыш заттар мен материалдарды жинау, сақтау және жою, арнайы киімді ұстау және сақтау;
- 7) бөлмелердегі біржолғы шикізаттың, жартылай фабрикаттар мен дайын өнімнің рұқсат етілген саны;
- 8) ауытқулары өрт немесе жарылыс тудыруы мүмкін бақылау-өлшеу аспаптарының (манометрлер, термометрлер) шекті көрсеткіштері.

3. Өрт кезіндегі персоналдың іс-әрекеттері, оның ішінде:

- 1) өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру;
- 2) технологиялық жабдықты авариялық тоқтату;
- 3) желдету және электр жабдықтарын ажырату;
- 4) өрт сөндіру және өрт автоматикасы құралдарын пайдалану;
- 5) адамдарды, жанғыш заттар мен материалдық құндылықтарды эвакуациялау.

ӨК және ЕК жөніндегі жауапты



Шакунова Т.